

Робот-мойщик окон Cleanbot UltraSpray 2.0

Как пользоваться

ПОДГОТОВКА

- Работает только от розетки. Кабель вкрутите в разъём робота и затяните гайку до лёгкого упора.
- Оранжевый огонёк значит, что заряжается запасной аккумулятор. Начинать можно через 30 минут, зелёный значит полный заряд.
- Салфетки: потяните за край кольца, отстегните все 6 защёлок, наденьте салфетку и защёлкните кольцо на роботе до щелчка.
- В бак налейте дистиллированную воду бутылочкой из комплекта и плотно закройте крышку. Из-под крана нельзя: соли забивают распылитель. Дистиллированную воду продают в аптеке.
- Можно добавить немного средства для стёкол. Жёсткую химию не используйте.
- Чтобы робот лучше держался, слегка смочите салфетки по всей площади. Мокрыми они быть не должны.
- Страховочный шнур: карабин крепко пристегните к тяжёлому неподвижному предмету в комнате.

КАК МЫТЬ

- Проверьте стекло: без трещин, сколов и рельефа.
- Удерживайте кнопку включения 2–3 секунды, пока не загудит турбина.
- Приложите робота к центру стекла так, чтобы кабель и шнур были справа.
- Нажмите кнопку ещё раз или выберите программу на пульте.
- Первые минуты будьте рядом: кабель и шнур не должны натягиваться.
- Если окно очень грязное, пройдите сначала сухими салфетками без распыления, потом смените салфетки и мойте с водой.
- Потемневшую салфетку меняйте: грязная микрофибра только размазывает грязь.
- Когда закончит, робот остановится внизу окна и пискнет.

ЕСЛИ ЧТО-ТО НЕ ТАК

- Пищит или буксует: придержите робота рукой, нажмите паузу, проверьте салфетки.
- Салфетка слишком мокрая или грязная: поменяйте на сухую и чистую.
- Кольцо село криво: снимите и защёлкните заново до щелчка.
- Пищит сразу при запуске: проверьте питание и плотно ли робот прижат к ровному месту.
- Сползает: придержите и снимите, проверьте стекло, салфетки, кабель и шнур. Воды не добавляйте.
- Не брызгает: проверьте, есть ли вода в баке, и нажмите ручное распыление несколько раз.
- Не помогло: напишите нам.

РЕЖИМЫ И ПУЛЬТ

- Кнопка на корпусе запускает мытьё всего окна: робот поднимется наверх и пойдёт зигзагом вниз.
- На пульте три программы: «Вверх» (как кнопка на корпусе), «Вправо» и «Влево» (моет от текущего места в сторону, потом вниз).
- «Старт/пауза» останавливает уборку. Стрелками можно вести робота вручную: к пятну или туда, где его удобно снять.
- Автораспыление: робот брызгает сам, когда едет влево. Кнопкой автораспыления на пульте его можно выключить и включить.
- Кнопка ручного распыления добавляет воды. Не увлекайтесь: на мокром стекле робот скользит.
- Берегите пульт: без него не выбрать программу и не снять робота в удобном месте.

ОСТОРОЖНО

- Страховочный шнур пристёгивайте до того, как ставите робота на стекло. Всегда.
- Пока робот на стекле, не вынимайте вилку и не откручивайте кабель.
- Если пропал свет, аккумулятор держит робота до 20 минут и пищит. Сразу снимите его.
- Не мойте в дождь и сильный ветер.
- Не ставьте на стекло с трещинами, сколами или рельефом. Стекло без рамы лучше не мыть.
- Для маленьких окон нужно место хотя бы на две длины робота, это около 60 см.
- Удлинитель и блок питания держите подальше от воды, вилку берите сухими руками.
- Дети и животные пусть будут в другой комнате. Не отрывайте робота от стекла силой.

КАК СНЯТЬ РОБОТА СО СТЕКЛА

1. Если нужно, подгоните робота стрелками пульта туда, где до него легко дотянуться.
2. Возьмите робота обеими руками и держите.
3. Удерживайте кнопку включения 2–3 секунды, турбина затихнет.
4. Аккуратно снимите робота со стекла, без рывка.
5. Открутите гайку кабеля от робота и только потом выньте вилку из розетки.
6. Отстегните страховочный шнур.

ПЕРЕД ВОЗВРАТОМ

Вылейте из бака остатки воды.

Сложите в сумку всё: робот, пульт, страховочный шнур, адаптер с кабелем, бутылочку, 2 кольца, 6 салфеток. Отдельно проверьте пульт и шнур: их забывают чаще всего.

Грязные салфетки кладите в сумку как есть, стираем мы сами. Мыть ничего не нужно, обслуживание мы делаем сами.



Cleanbot UltraSpray 2.0 терезе жуатын робот

Қалай пайдалану керек

ДАЙЫНДЫҚ

- Тек розеткадан жұмыс істейді. Кабельді роботтың ұясына бұрап, гайканы жеңіл тірелгенше бұраңыз.
- Индикатор қызғылт сары болса, қосалқы аккумулятор зарядталып жатыр. 30 минуттан кейін бастауға болады, жасыл түс толық зарядты білдіреді.
- Шүберектер: сақинаның шетінен тартып, 6 ілгегін түгел ағытыңыз, шүберекті кигізіп, сақинаны роботқа шырт еткенше бекітіңіз.
- Бакқа жиынтықтағы құтымен дистилденген су құйып, қақпағын тығыз жабыңыз. Құбыр суы болмайды: тұзы бүріккішті бітеп тастайды. Дистилденген су дәріханада сатылады.
- Әйнек тазалағышты аздап қосуға болады. Күшті химияны қолданбаңыз.
- Робот жақсы ұсталуы үшін шүберектерді бүкіл бетімен сәл дымқылдаңыз. Су ақпасын.
- Сақтандыру бауы: карабинді бөлмедегі ауыр, қозғалмайтын затқа мықтап іліңіз.

ҚАЛАЙ ЖУУ КЕРЕК

- Әйнекті тексеріңіз: жарықшақ, сынық, бедер болмасын.
- Қосу батырмасын турбина гүілдегенше 2–3 секунд басып тұрыңыз.
- Роботты әйнектің ортасына қойыңыз, кабель мен бау оң жақта болсын.
- Батырманы тағы басыңыз немесе пульттен бағдарлама таңдаңыз.
- Алғашқы минуттарда қасында болыңыз: кабель мен бау тартылмауы керек.
- Терезе өте кір болса, алдымен бүркусіз, құрғақ шүберекпен өтіңіз, кейін шүберекті ауыстырып, сумен жуыңыз.
- Қараған шүберекті ауыстырыңыз: кір микрофибра кірді жаяды.
- Жуып болған соң робот терезенің төменгі жағында тоқтап, дыбыс береді.

БІРДЕҢЕ ДҰРЫС БОЛМАСА

- Шыңғырса немесе тайғанаса: роботты қолмен ұстап, паузаны басып, шүберектерді тексеріңіз.
- Шүберек тым дымқыл не кір болса, құрғақ таза шүберекке ауыстырыңыз.
- Сақина қисық отырса, шешіп, шырт еткенше қайта бекітіңіз.
- Қосқан бойда шыңғырса: қуатты және роботтың тегіс жерге тығыз жабысқанын тексеріңіз.
- Төмен сырғыса: ұстап, алып тастаңыз. Әйнекті, шүберекті, кабель мен бауды тексеріңіз. Су қоспаңыз.
- Су шашпаса: бакта су бар-жоғын қарап, қолмен бүрку батырмасын бірнеше рет басыңыз.
- Көмектеспесе, бізге жазыңыз.

РЕЖИМДЕР ЖӘНЕ ПУЛЬТ

- Корпустағы батырма бүкіл терезені жуады: робот жоғары көтеріліп, ирек жолмен төмен түседі.
- Пультте үш бағдарлама бар: «Жоғары» (корпустағы батырмамен бірдей), «Оңға» және «Солға» (тұрған жерінен бүйірге жуып, кейін төмен түседі).
- «Старт/пауза» жууды тоқтатады. Бағыт батырмаларымен роботты қолмен жүргізуге болады: даққа немесе алуға ыңғайлы жерге.
- Автобүрку: робот солға жүргенде өзі су шашады. Пульттегі автобүрку батырмасымен оны өшіріп, қосуға болады.
- Қолмен бүрку батырмасы су қосады. Көп жібермеңіз: дымқыл әйнекте робот тайғанайды.
- Пультті жоғалтпаңыз: онсыз бағдарлама таңдай алмайсыз, роботты ыңғайлы жерде ала алмайсыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Сақтандыру бауын роботты әйнекке қоймас бұрын іліңіз. Әрқашан.
- Робот әйнекте тұрғанда ашаны суырмаңыз, кабельді бұрап шешпеңіз.
- Жарық сөнсе, аккумулятор роботты 20 минутқа дейін ұстап тұрады және дыбыс береді. Бірден алыңыз.
- Жаңбыр мен қатты желде жумаңыз.
- Жарықшағы, сынығы не бедері бар әйнекке қоймаңыз. Жақтаусыз әйнекті жумаған дұрыс.
- Кішкентай терезеге кемінде роботтың екі ұзындығындай, шамамен 60 см орын керек.
- Ұзартқыш пен қуат блогын судан алыс ұстаңыз, ашаны құрғақ қолмен ұстаңыз.
- Балалар мен жануарлар басқа бөлмеде болсын. Роботты әйнектен күшпен жұлмаңыз.

РОБОТТЫ ӘЙНЕКТЕН ҚАЛАЙ АЛУ КЕРЕК

1. Керек болса, пульттің бағыт батырмаларымен роботты қол жететін жерге әкеліңіз.
2. Роботты екі қолмен ұстап тұрыңыз.
3. Қосу батырмасын 2–3 секунд басып тұрыңыз, турбина тынады.
4. Роботты әйнектен абайлап, жұлмай алыңыз.
5. Кабель гайкасын роботтан бұрап шешіңіз, содан кейін ғана ашаны розеткадан суырыңыз.
6. Сақтандыру бауын ағытыңыз.

ҚАЙТАРАР АЛДЫНДА

Бактағы қалған суды төгіңіз.

Сөмкеге бәрін салыңыз: робот, пульт, сақтандыру бауы, кабелі бар адаптер, құты, 2 сақина, 6 шүберек. Пульт пен бауды бөлек тексеріңіз: оларды жиі ұмытады.

Кір шүберектерді сөмкеге сол күйі салыңыз, оларды өзіміз жуамыз. Ештеңе жудың қажеті жоқ, күтімін өзіміз жасаймыз.